

**Құрманғазы Сығырбайұлы атындағы
жалпы орта мектебі**

Тақырыбы:

**«Ұстазым ұлағатым, үлгі - өнегем!»
және «Еңбек күні»**

2022 -2023 оқу жылы

Бекітемін:

Мектеп директоры:

 Ж.Нұрымбет

«Ұстазым ұлағатым, үлгі - өнегем!» және «Еңбек күні» тақырыбындағы мерекелік сазды бағдарлама.

Мақсаты:

Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Қанатты сөздер, гүлдер, жалауша, шарлар.

I жүргізуші:

Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,
Өнегеннен барлық шәкірт нәр алған.
Шапағатты шуақ сепкен ұстаздар,
Өздеріңнен бастау алар бар арман.

II жүргізуші:

Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолыңда шәкіртіңнің бала шағы.
Өмірді алға қарай өрлететін,
Сендерде Ұлы Отанның болашағы –
Ән: «Ұстазым» орындайтындар Бурашов Ерболат,
Ярмухамедова Динара

I жүргізуші:

Мерекелік құттықтау сөз кезегін мектебіміздің директоры Нұрымбет Жалғас Жүнісұлына береміз.

II жүргізуші:

Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.

I жүргізуші:

«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер «Ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

II жүргізуші:

Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз. Сондықтанда ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

I жүргізуші: Құрметті ұстаздар!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

II жүргізуші:

Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін.

I жүргізуші: Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт, мерейлеріңіз үстем бола берсін.

II жүргізуші: Қашан көрсең бұл халықтың шат бәрі,

Қашан көрсең күліп бара жатқаны

Күлетіні: Бақыттылық нышаны,

Байлықтары: Шәкірттердің хаттары!

Махаббаты: бала және Отаны,

Сүйікті ісі : Қағаз – кітап қопару.

Демалысы: шәкірттерге хат жазу,

Ал, кәсібі: От беру мен От алу

Алдарыңызда көрініс : «Мектеп тентегі»

I жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән кылып,

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып,

Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иейік мәңгілік!

Би: «Жастар ұйымы»

II жүргізуші: Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған акын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып тер төккен шопан да бәрі – бәрі ұстаздан тәлім алған, сондықтан барлық құрмет ұстаздарға арналады. Келесі кезек **«Ұстазым менің»** әніне беріледі. Орындайтын Төлесін Аппак

Қошеметтеріңіз.

I жүргізуші: Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән – мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.

II жүргізуші: «Мектеп – білім тірегі, ұстаз - оның жүрегі» - деп ғұлама ағаларымыз айтқандай, кез – келген адам ұстаз бола алмайды.

I жүргізуші: Ендеше мектебіміздің биші қыздарынын құралған **«Кәусар»** би тобының орындауындағы **«Балауса»** биін қабыл алайық.

I жүргізуші:

Мұғалім, ғазиз мұғалім,

Төгілген арай, шуағым

Арманым қонса, қолыма,

Арқаң деп сенің ұғамын.

II жүргізуші:

Алтын уақыттарын сарп қылып, ұстаздық еңбегін шыңдау барысында көмегін аямай, балаларды білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаздарымыздың еңбегі зор.

I жүргізуші: Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт.

II жүргізуші:

Мұғалім, ғазиз мұғалім,
Сарқылмас мәңгі бұлағым.

Ұланың бүгін тойыңда,
Арнайды саған бұл әнін

Алдарыңызда Құрманғазы жастарының орындауында «Жаксы ұстаздарым» әні. Нұржігіт Жаулыбайдың сөзімен жазылған

I жүргізуші

Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау – деген екен ғұлама ағаларымыз.

Құрметті ардагер ұстаздар, қонақтар!

Бүгінгі Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазым ұлағатым, үлгі – өнегем!» және «Еңбек күні» тақырыбындағы мерекелік жиынымызды жабық деп жариялаймыз.

II жүргізуші: Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп – көп рахмет!

Тексерілді:

М.Әділхан

Дайындаған: Б. Туреев

